



ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ: диалог пен бірліктің алаңы



Ұлттық құрылтай – жаңа заманның ғана құбылысы емес. Бұл ұғым ғасырлар бойғы халық тәжірибесімен, дәстүрлі басқару және келісім институтымен тығыз байланысты. Арыға бармай-ақ, Қазақ хандығы дәуірінде Ұлттық құрылтай қоғам мен биліктің арасына көпір болып, құқықтық және рухани дәстүрді сақтаушы орган ретінде қызмет етті. Дәстүр сабақтастығы жалғасып, осы институт бүгінгі заманауи құрылымға қайта түсті. Қазіргі Құрылтайлар – сөзден іс-қимылға өтетін көпір, қоғам мен биліктің ашық диалог алаңы, азаматтық қоғамның дамуына серпін беретін стратегиялық платформа.

Мәні мен маңызы артқан институт

Кейбіреулер Ұлттық құрылтайды тек кеңес беру органы деп ойлайды. Бұл қате пікір. Шын мәнінде, ол – қоғам мен мемлекеттің сенімді көпірі, реформалық өзгерістердің бастамасы. Мұнда көтерілген идеялар заң жобаларына, мемлекеттік бағдарламаларға және стратегиялық шешімдерге жол ашады. Оның саяси мәні мен маңызы күннен-күнге артып келеді.

2-БЕТТЕ

■ СҰХБАТ



Қаржы тақырыбы бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Несие алып үйренген халық қазір қарызсыз өмір сүруді қалайды. Табысты арттыру, қарызсыз өмір сүру көптің арманына айналды десек артық айтқандық емес. Бүгінгі қоғамға қаржылық сауат, жалпы қаржы тақырыбы туралы көбірек ақпарат керек екені сезіледі. Осы орайда, елге белгілі экономист Мақсат Халықпен сұхбаттасып, көп көкейіндегі сұрақты қойған едік.

Мақсат ХАЛЫҚ, META University жоғары бизнес мектебінің директоры, экономист:

ҚАЛАУЫҢЫЗДЫ ҚАРЫЗҒА АЛМАҢЫЗ

Жастар несие алуға құмар

– Қазір елдің бәрі қаржылық сауат курсына оқығысы келетінін байқаймыз. Бұл уақытша тренд пе, әлде шынымен қаржылық білімге мұқтаждық па?

– Шынында, қоғамда қаржылық білім алу сұранысқа ие. Меніңше, мұның себебі халықтың қарызға батып қалғанынан болар деп ойлаймын. Әлемде қаржылық сауат мектеп қабырғасынан бастап оқытылады. Нәтижесінде көмелет жасқа толған жас толыққанды қаржылық сауатты болып шығады. Қарапайым тілмен айтқанда, ақшаны қалай жинауды, қандай депозит тиімді екенін, қандай несие алмау керектігін, алаяқтарды қалай анықтауды біліп тұрады. Бізде мұның бәрі оқытылмайды. Сондықтан да бізде бәрін өзі жасап көріп, яғни басынан өткізіп, сол қателігінен сабақ алып жатады. Әрине, бұл өкінішті жағдай. Қазір елде несиеге батқан халықтың саны өте көп. Біз Қазақстанда 10 млн адам еңбекке жарымды деп айтамыз (негізгі 10 млн-ға жетпейді), ал 8,5 млн астам адамда несие бар. Ал несие қарызын 90 күннен кешіктірген адам саны 1,5 млн-нан асады. Олардың банктер алдындағы берешегі 1 трлн теңгеден асып жығылады. Бұл оңай дүние емес. Бұл қоғамда өте үлкен дерттің бар екенін екенін көрсетеді. Бір дабыл қағатыны, қазір жастар несие алуға құмар. Өз қалауын орындау үшін қарызға зат, айфон алып, оны төлей алмай, ата-анасынан жасырып, несие үстіне несиеге батып, қарыздан шыға алмай жатқан жағдай өте көп. Сол себепті қаржылық сауат қоғам үшін өте маңызды.

– Қазақстандағы халықтың қаржылық сауат деңгейін қалай бағалай едіңіз?

– Орташа деп бағалаймын. Біздің елде көбі әбден қарызға батып, содан таяқ жеп, қарыздан құтылу үшін қаржылық сауат туралы курс іздеп, өзін дамытып жатыр деп айтуға болады. Бір жағынан, халықтың табысы да төмен. Сол аз табысты қалай жеткіземін деп қаржылық сауатын арттырып жүр деп айтуға болады.

4-БЕТТЕ

ҰЛТ БІРЛІГІН БЕКЕМДЕГЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ



– Ұлттық құрылтай қоғамдағы өзара түсіністік пен келісімнің символына айналуы керек. Бір ел болып жұмылсақ қана, барлық кедергілерді еңсереміз, өсіп-өркендейміз. Бізді ұлт ретінде ұйыстыратын құндылықтарды көздің қарашығындай сақтау аса маңызды.

(Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Ұлттық құрылтайдың бірінші
отырысында сөйлеген
сөзінен)

Ұлттық құрылтай 2022 жылдың 16 маусымында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылды.

Биыл бесінші мәрте өткізіліп, бірлікті нығайтатын маңызды алаңға айналды. Бүгінде мемлекеттік маңызы бар өзекті мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарып отыр.

Құрылтайдың жыл сайынғы жиынына Президент Қасым-Жомарт Тоқаев төрағалық етеді. Мемлекет басшысы құрылтайдың бірлік пен ұлттық құндылықтарды нығайтудағы рөлі ерекше екенін айтып келеді.

Тарихқа көз жүгіртсек, ұлт болып ұйысудағы маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Мәселен, Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болса, Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылған. Ал екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланып, Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өтті. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз атамекенге шақырылды. Бабалар жолын ұстанып, елімізде 2022 жылдан бастап құрылтай өткізу дәстүрге айналды.

Құрылтайдың қоғамдағы қызметі

Ұлттық құрылтай азаматтардың ел басқару ісіне қатысу мүмкіндігін арттырып, билік шешімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Бүгінде құрылтай ел тұрғындарының пікірі мен көзқарасы тоғысатын негізгі ұлттық диалог алаңына айналды. Бұл Президенттің жоспарына сәйкес мемлекет пен халық арасындағы байланысты нығайтты. Еліміздің даму жолында нәтижелі де өзара тиімді ынтымақтастыққа септігін тигізуде.

Ұлттық құрылтай құрамына әр өңірден, әр түрлі сала өкілдері енген. Онда ғылым, білім, медицина, мәдениет, спорт саласының мамандары, бұқаралық ақпарат құралдары саласының өкілдері, еңбек және құқық қорғау саласында жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері, сондай-ақ қоғам белсенділері мен жастар қозғалысының жетекшілері бар. Бұл қоғамның кең ауқымды пікірі мен мүддесін ескеруге мүмкіндік береді. Ал Ұлттық құрылтайдың алғашқы құрамында жүзден аса адам болды. Құрам ротация жүйесінің арқасында тұрақты түрде жаңартылып отырады. Бұл жұмыстың динамикасын сақтауға, қоғамның жаңа өкілдерін тартуға және әртүрлі пікірлерді ескеруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл талқыланатын мәселелердің ауқымын кеңейтіп, қоғамдық мүдденің барлық бағытын есепке алуға сеп болады.

2-БЕТТЕ

Сыр өңірінің агроөнеркәсіп саласына инвестиция тарту мақсатында облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов бастаған делегация Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барды.

САЛАҒА ЖАҢА СЕРПІН БЕРЕДІ

Делегация құрамында ауыл шаруашылығы құрылымдарының өкілдері бар. Олар Бэйянь округінде Қытайдың ауыл шаруашылығы саласындағы жетекші компанияларымен кездесулер өткізді. Атап айтқанда, ғылым докторы Лу Нанмен кездесуде сапалы тұқыммен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.



Бұдан бөлек, «Jiarun Agriculture», «Gao's Hetian Rice Industry», «Baqi» сынды күріш және жүгері дақылдарын өндіретін ірі агроөнеркәсіп кәсіпорындарының жұмысымен танысып, тәжірибе алмасты.



Сапар барысында Хайнань провинциясының өнеркәсіптік қалалық инвестициялар паркінде маңызды кездесу өтті. Онда агроөнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты кеңейту, агротехнологияларды дамыту, ресурстарды интеграциялау және өндірістік парктендіріс бірлесіп салу мәселелері талқыланды. Қызылорда облысының әкімдігі, Хайнань провинциясының өнеркәсіптік қалалық Инвестициялар паркі және Хейлунцзян Хэуэйда сауда компаниясы арасында ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған ұшақтық меморандумға қол қойылды.

Дунфан қаласында делегация мүшелері «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында өткен халықаралық ауыл шаруашылығы конференциясына қатысты. Конференция Қытай мен Қазақстан арасындағы агроөнеркәсіптік ынтымақтастықты тереңдетуге, инвестициялық мүмкіндіктерді таныстыруға және бірлескен жобаларды іске асыруға бағытталды.

Аталған келісімдер Қытай мен Қазақстан арасындағы агроөнеркәсіптік серіктестікті жаңа деңгейге көтеріп, Сыр өңірінің ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартуға және «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясындағы тиімді жобаларға жол ашады.

«Ақмешіт-ақпарат»



НЕСИЕ кешіріле ме?

Сонғы күндері әлеуметтік желілерде «банктер несие кешіріп жатыр, қарыз төлемесе де болады екен» деген сынды ақпарат кеңінен тарауда. Ел байбалам салып, түсінбей жүрген бұл мәселе неден шықты? Несие қарызы бар азаматтар қандай қателікке ұрынбау керек? Осы туралы зерттеп көрген едік.

4-БЕТТЕ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ: диалог пен бірліктің алаңы

Құрылтайда көтерілген қоғамдық пікір мемлекеттік шешімдерге тікелей әсер етеді. Құрылтайда талқыланған бастамалар тек сөз жүзінде қалмай, нақты іс-қимылға, ел дамуына жол ашуда. Құрылтайда көтерілген ұсыныстар өңірлік жобаларға айналып, нақты нәтижелерге бастауда. Инфрақұрылым жаңғыртылып, әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асырылды, жастар мен қоғамдық ұйымдардың бастамалары мемлекеттік қолдауға ие болды. Бұл – елдің барлық тұрғындары үшін нақты пайда әкелген өзгерістер.

Сондай-ақ Ұлттық құрылтай азаматтық қоғамның белсенділігін арттыруға және құқықтық мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік берді. Әділеттілік пен заң үстемдігін күшейтуге бағытталған бастамалар қоғамға сенім орнатты, азаматтарға өз пікірін ашық айтуға, шешім қабылдауға қатысуға жол ашты.

Рухани және мәдени даму мәселелері де Ұлттық құрылтай назарынан тыс қалған емес. Құрылтайда талқыланған жобалар тарихи ескерткіштерді қалпына келтіруге және мәдени өмірді жаңғыртуға бағытталды.

Алдағы міндеттер

Биылғы Ұлттық құрылтай жылдағыдан ертерек өтпек. Бұл кездейсоқтық емес. Әлемдегі қиын геосаяси ахуал кезінде елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін батыл әрі нақты шешімдер қабылдау қажет. Қызылордада өтетін құрылтайда Президентіміз Парламенттік реформаның мәні мен маңызын кеңінен түсіндіруі, заң шығарушы органды жаңғырту бойынша нақты бастамалар жариялауы мүмкін екендігін болжайды көптеген сарапшылар.

Осы ретте Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Сағатханұлы Өшімбаев осы жылғы 15 қаңтарда «Түркістан» газетінде жарияланған «Реформалардың мәні – 5: Ықпалды Парламент» атты мақаласында: «Өкілді биліктің тұрақтандыру функциясы бүгінде қос палатаның әлеуетін бір пәрменді күшке жұмылдырып, Қазақстан халқының барлық әлеуметтік тобының пікірін тұтас білдіретін бір палаталы Парламентке біріктіруді талап етеді. Бұл – атқарушы билікке ықпалды теңгерім болатын қадам. Халық – парламенттік реформаның негізін қалаушы. Өйткені бұл жолы өзгерістің басты тапсырыс берушісі бұрынғыдай билік емес, халық болып отыр», - деп нақты тұжырымдайды.

Ұлттық құрылтайда талқыланған мәселелерді жүзеге асыру үшін халық, мәслихаттар, Парламент пен атқарушы билік бірлесіп жұмыс істеуі тиіс. Ұлттық құрылтайдың Қызылордада өткізілуі символдық мәнге ие: бұл өңір қазақ елінің тарихында маңызды шешімдер қабылданған орын. Кешегі дәуірлерде Қыпшақ мемлекетінің, Ақ орданың, Қазақ хандығының астанасы болған Сығанақ, Қорқыттың қоңыр күйі, ғарышқа жол ашқан Байқоңыр кешені – Сырдың стратегиялық маңызын дәлелдейді.

Қызылорда облысы орнықты даму көрсеткіштері бойынша жоғары нәтижелерге жетуде. Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени өмірін жаңа белеске көтеру үшін анбай еңбек етуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қызылорда облысына келген жұмыс сапарларында Сырдағы атқарылып жатқан игілікті істерді көріп, облыс әкімінің қызметін жоғары бағалағанын да ел біледі.

Біз әдетте дамуды тек экономикалық көрсеткішпен бағалаймыз. Бірақ шын мәніде, қоғамның тірегі – білім мен рухани байлық.

Облыс орталығынан шалғай ауылдарға дейін мәдени және білім беру инфрақұрылымы жүйелі дамуда. Мәуілер мен кітапханаларды біріктірген Руханият орталықтары, Өнер орталығы, Балалардың шығармашылық академиясы, физика-математика бағыттарында мектеп-лицей – жергілікті тұрғындар үшін ашық білім мен шығармашылықтың алаңына айналды. Сонымен қатар мәдениет үйлері мен спорттық кешендер жанартылып, жаңалары ашылуда. Олар тек бос уақытты тиімді өткізуге ғана емес, ұлттық дәстүрлерді сақтау мен дамытуға қызмет етеді.

Бұл орталықтар балалар мен жастарға ұлттық тарихты, әдебиет пен өнерді үйретіп, шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ спорттық кешендер денсаулықты нығайтып, белсенді өмір салтын қалыптастыруға жол ашады.

Бүгінде Қызылорда облысы әлеуметтік-мәдени жаңғырудың үлгісіне айналды. Рухани дамыған қоғам – білімді, белсенді, елге пайдалы азаматтар тәрбиелейтін қоғам. Қызылорда – осының жарқын мысалы.

Цифрлық трансформация – жаңа көпір

Азаматтардың белсенділігі, әлеуметтік бастамаларға қатысуы, қоғамдық пікірді ашық білдіруі – елдің тұрақтылығы мен демократиялық дамуының басты кепілі.

Президенттің бытырғы Жолдауында жасанды интеллекттің рөліне баса назар аударылып, елімізді цифрлық мемлекетке айналдыру міндеті қойылды. Осы талаптардың жалғасы ретінде 2026 жыл «Цифрландыру және жасанды интеллект» жылы деп жарияланды. Бұл тек технологиялық жаңалық енгізу емес, ел өмірінің барлық саласын – экономикадан білім, денсаулық сақтау, мәдениет пен әлеуметтік қызметке дейін – цифрлық трансформация арқылы тиімді етуге бағытталған стратегиялық жетім.

Ұлттық құрылтайда да цифрлық өркеніет пен жасанды интеллект заманында көпше ілесу мәселесі негізгі тақырыптардың бірі болады деп ойлаймын. Дегенмен, бұл бағытта кешенді мәселелерді шешу елі күнге дейін өзекті. Әсіресе, жоғары жылдамдықты интернетті тарату, электрондық үкімет қызметтерін жетілдіру, жасанды интеллект негізіндегі шешімдерді қолдану азаматтарға қызмет көрсету сапасын арттырады, бюрократиялық кедергілерді азайтады және қоғамдағы ашықтықты қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге, цифрлық даму – экономикалық өсудің қозғаушы күші. Жаңа технологиялар шағын және орта бизнесті қолдауға, өңірлік жобаларды тиімді басқаруға және инвестициялық климатты жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде жұмыс орындарын көбейтеді, кәсіпкерлікті дамытады және елдің әл-ауқатын арттырады.

Рухани және мәдени даму да цифрлық трансформациядан тыс қалмайды. Онлайн білім беру, виртуалды музейлер мен мәдени жобалар, цифрлық архивтер тарихи мұра мен ұлттық құндылықтарды сақтап қана қоймай, оны жаңа буынға жеткізудің тиімді жолына айналады. Мысалы, тарихи ескерткіштерді цифрлық форматта қалпына келтіріп, әлемдік аудиторияға танытуға болады. Қызылордада салынған облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа заманауи ғимараты Сыр мәдениеті мен өнерін, өлке тарихын насихаттауды осы бағытта дамытудың мүмкіндігін арттырды.

Сондай-ақ цифрлық болашақ – стратегиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды компоненті. Ақпараттық және киберқауіпсіздікті нығайту, мемлекеттік жүйелерді цифрлық қорғау елдің тұрақтылығы мен тәуелсіздігі үшін шешуші рөл атқарады.

Қысқасы, цифрлық трансформация елдің барлық саласында тиімділікті арттыру, азаматтардың өмір сапасын жақсарту, қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайту, рухани және мәдени құндылықтарды сақтау мен дамыту үшін жасаған кешенді маңызды қадам болып отыр.

Біз осы істерде белсенділік танытуымыз керек. Себебі елдің рухани, мәдени және цифрлық дамуы тек атқарушы биліктің емес, әрбір азаматтың атсалысуымен ғана мүмкін болады.

Басы 1-бетте

Рүсәян РҮСТЕМОВ,
Парламент Сенатының депутаты

2 syr-media.kz
aqmeshit-apталygy.kz

Ұлытау: Алғашқы отырыс және тарихи мәні

Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы 2022 жылы Ұлытау өңірінде өтті. Ұлытаудың таңдалуы тарихи тұрғыдан маңызды еді. Себебі бұл өңір – қазақ мемлекеттілігінің символы.

Бірінші ұлттық құрылтай елдің саяси бағытын айқындаған, қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдырған маңызды алаң болды. Онда көтерілген мәселелер кейінгі реформаларға негіз болып, нақты шешімдер қабылдауға жол ашты. Атап айтқанда, елдің болашағына тікелей әсер ететін стратегиялық, әлеуметтік және рухани мәселелер кеңінен талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың I отырысында сөйлеген сөзінде: «Біз бүкіл ел болып Жаңа Қазақстанды құрамыз. Бұл – онай шаруа емес. Жұртымыз жаңаша өмір сүруге бейімделуі қажет. Халқымыздың сана-сезімі, құндылықтары түбегейлі жанаруы керек. Сонда ұлттың жаңа сапасы қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда, барша еліміз жанарады. Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтыны анық. Бұл – бүкіл қоғамды өзгертетін күрделі әрі ұзақ үдеріс. Мұны жүзеге асыру үшін бір ғана билік әрекет етсе, бұл, әрине, жеткіліксіз. Бүкіл ел болып жұмыл-сақ, көздеген мақсатымызға жетеміз. Сол себепті мен Жолдауымда Ұлттық құрылтай шақыру туралы бастама көтердім. Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз екенін жақсы білесіздер. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында тал-қылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген, – деп атап өтті.

ҰЛТ БЫРЛІГІН БЕКЕМДЕГЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтайды ел тағдыры талқыланатын тұрақты алаңға айналдыру қажеттігін атап өтті. Яғни, құрылтайдың алғашқы отырысынан бастап халықтың жағдайын жақсартуға, тұрғындардың жан дүниесін байытуға, сол арқылы мемлекеттің дамуына назар аударылды. Бұл жиын сән-салтанат құрып, арқаны кеңге салып отыратын жиын емесітігі басынан айтылды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы құрылтайдың мүшелерін көбейте беру емес, қоғамның әрқашан белсенді қатысуын қамтамасыз ету керектігін айтты. Алғашқы отырыста республика күніне қатысты ұсыныстар көтерілді. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданған болатын. Сондықтан бұл күнді ұлттық мереке ретінде қайтару ұсынылды. Соңғы жылдары еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін жас-тарды еңбекке баулу мәселесі жиі айтылатын. Осыған байланысты Президент жастарды адал еңбекке тәр-биелеу мәселесіне тоқталды. Құрылтайда жастар саясатына мән беріліп, сапалы білім мен жұмыспен қамту, жастардың ел дамуына белсенді араласуы сынды мәселелерге ұсыныстар айтылды. Нәтижесінде жастарға арналған тұрғын үй және жеңілдетілген несие тетіктері іске асты. Жыл сайын білім гранттары мен академиялық мүмкіндіктері артты.

Түркістан: Әділетті Қазақстан және заң үстемдігі

Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы 2023 жылы Түркістан қаласында өтуі терең мағыналық мәнге ие. Түркістан – күллі түркі жұртының рухани астанасы, қазақ мемлекетінің тарихымен тығыз байланысты қасиетті мекен. Бұл құрылтайда елдің болашағын айқындайтын шешімдер қабылданды. Бұл жылыда Мемлекет басшысы бірқатар маңызды тапсырмалар беріп, ұлттық нышандар мен тәрбие, құндылықтар туралы сөз қозғады. Сонымен қатар ұлттың бірегейлігін сақтау, мәдени мұраны насихаттау және жастарды тәрбиелеу мәселелері кеңінен талқыланды. Мемлекеттік нышандарды жетілдіру қажеттігіне аса мән берілді.

– Қазір кез келген елдің ықпалды болуына ұлттық брендтің әсері мол. Сондықтан оның танымалдығын арттыра түсу керек. Ол үшін бірыңғай дизайн-кодты, ортақ стандартты сақтау өте маңызды. Нишандарымыз бірегей ұлттық кодымызды нақты әрі айқын көрсетуі керек, – деп атап өтті ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Одан бөлек, мемлекеттік наградалар жүйесі туралы да сөз қозғалып, әрбір орден мен медальдың терең мағыналы, жұрттың көңілінен шығатын ерекше болуы керек екендігі айтылды. Мемлекет басшысы жастардың дамуына көп көңіл бөлу қажеттігі жөнінде тапсырмалар берді.

– Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек. Бүгінгі интернет дәуірінде бұл онай шаруа емес. Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс. Ғаламтор арқылы жат діни ағымдардың құрығына түскен жастар да бар. Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, үлкендердің кінәсі.

Біз жастарды жаһанданудың қатерлі ықпалынан барынша сақтауға міндеттіміз. Ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін шараларға баса мән беруіміз керек. Бұл салада кемшіліктер көп екені жасырын емес. Мектептегі тәрбие жұмысы ақсап тұр. Соңғы кезде оқушылардың бір-біріне қысым, зорлық-зомбылық, әлімзеттік көрсетуі жиі болып кетті. Оны, тіпті, бейнетаспаға

түсіріп, әлеуметтік желіге салу «сәнге» айналды. Кейде балалардың қатыгездігі жан түршіктіреді. Отбасындағы зорлық-зомбылық қоғамдағы тағы бір келенсіз және өзекті мәселе болып тұр. Мұндай заңсыз әрекет жасағандар міндетті түрде заң аясында тиісті жазасын алуы керек. Еліміздің болашағы отбасында қалыптасады. Ал отбасы бақытты болса, еліміздің келешегі де жарқын болады, – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында сөйлеген сөзінде.

Ұлттық құрылтайда ұсынған бастамалар – алдағы ауқымды жұмыстардың бір бөлігі ғана. Мұнда айтылған мәселелер мен ұсыныстарды қолға алу үшін мемлекет пен қоғам бірге жұмылып жұмыс істеуі қажет.

– Біз Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Бұл – өте жауапты әрі абыройлы міндет. Біз отаншылдығымыз-ды және елге жапашырлығымызды нақты іспен көрсетуіміз керек. Адал азамат болуға ұмтылуымыз қажет. Сонда әрқайсымыз Отанымызды өркендетуге үлес қосамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар нашақорлық, лудомания сияқты қоғамға қауіпті құбылыстардың алдын алу мәселесі көтеріліп, бұл бағытта кешенді шаралар қабылдау қажеттігі жөнінде ұсыныстар айтылды. Құрылтайдың екінші отырысындағы айтылған негізгі мәселердің бірі әр азамат ел тағдырына бей-жай қарамай, ортақ жауапкершілік танытуы тиіс. Бұл құрылтай билік пен халық арасындағы тұрақты диалог алаңы ретінде өз маңызын тағы бір дәлелдеді. Түркістан төрінде айтылған ойлар мен ұсыныстар елдің ұзақ мерзімді даму бағытын айқындауға ықпал етті. Сондай-ақ әділ Қазақстанды құру жолындағы нақты қадамдардың басталуы ретінде тарихта қалары сөзсіз.

Атырау: Ұлт болашағын бекемдейтін үш таған

2024 жылы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы Атырау қаласында өтті. Үшінші құрылтай отырысында халықтың береке-бірлігін сақтау елдігіміз үшін маңызды екендігі айтылды. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады. Мемлекет басшысы тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала беретінін мәлімдеді. Сонымен қатар ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға тоқталды. Олар – тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық. Еліміздегі әрбір азамат осы басты құндылықтарды берік ұстануы керек. Президент ұсынған «Адал азамат» ұғымы мұның бәрін түгел қамтиды. Сондай-ақ бұл Әділетті Қазақстан идеясымен үндесіп жатыр.

– Біз осы іргелі құндылықты ұрпақ санасына сіңіре беруіміз керек. Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады, – деді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен құрылтайда.

Соңғы жылдары күн тәртібінен түспей тұрған мәсе-ленің бірі – отбасындағы зорлық-зомбылық. Құрылтай барысында бұл тақырып та кеңінен талқыланды. Заңды күшейту, әйел теңдігі мәселесі айтылды. Бұл мәселе Түркістандағы құрылтайда да көтерілген еді, үшінші отырыста та тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг пен агрессия, вандализм бойынша үлкен қадамдар жасауға ұсыныстар айтылды. Бұл бағытта тек заңмен шектелмей, тәрбиелік, мәдени және ақпараттық жұмыстарды қатар жүргізу керектігі атап өтілді. Мемлекет басшысы қоғамды жайлаған кеселдермен бүкіл ел болып күресіп, тосқауыл қоюға шақырды.

Атырауда өткен Ұлттық құрылтай – аймақ мәселелері тек жергілікті деңгейде емес, ұлттық деңгейде қарастырылатынын көрсеткен маңызды жиын болды. Бұл жиын халықтың үні естіліп, елдік мүдде бірінші орынға қойылатын ашық алаң екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Бұрабай: Ел дамуының жаңа кезеңіне жол ашты

2025 жылы Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы еліміздің қоғамдық-саяси реформа-ларын талқылаудағы маңызды кезең болды. Алқалы жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдің алдағы бағдарын айқындап берді. Басқосуда соңғы кезеңде қоғамда қызу талқыланған өзекті мәселелерден бастап еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси бағдарына қатысты басымдықтар түгел қамтылды.

Бұл отырыста Президент көптің назарына ілінген салық реформасына қатысты пікірін білдірді. Бұл ретте Қазақстан әлеуметтік мемлекет екені, егер бюджетте қаржы болмаса, тиісті міндеттемелер толық орын-далмайтыны, ал, салық осы жүйенің басты тірегі саналатыны айтылды.

Құрылтай отырысында еліміздегі діни ахуал мен жат ағымдарға тосқауыл қою мәселесіне ерекше мән берілді.

Атыраудағы құрылтайда айтылған мәселелердің қалай шешімін тапқаны айтылды. Мәселен, Президент

• ОҚЫРМАННАН ТІЛЕК

Тарихи сабақтастық

Бір-бірімен санасқан,
Ынтымағы жарасқан,
Ары таза,
Ақпеліл,
Айналайын, Алаштан!

Құрылтайда – көп астар,
Бұл хабар емес толастар...
Пейілі дархан,
Дәулетті,
Сыр бойына сәулетті,
Қош келдіңдер, қонақтар!
Іске сәт!

Қазыбек ӘШПРБЕКҰЛЫ,
ардагер

Қасым-Жомарт Тоқаевтың берген тапсырмасының негі-зінде 10 заң жобасы дайындалып, оның 9-ы қабылданған. Атап айтқанда, әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету заңмен тиянақталып, бала-ларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлері үшін жаза күшейтілген; электронды тұтыну жүйелерін (вейптер) әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға толық заңнамалық тыйым салынды; құмар ойындарды жарна-малауға тыйым салынып, лицензиясыз онлайн кази-нолар мен букмекерлік кеңселерді бұғаттау қолға алын-ған. Мемлекеттік қызметшілерге құмар ойындарға қатысуға тыйым салынды, ескерткіштер мен табиғи объектілерге қатысты вандалистік әрекеттер үшін жаза күшейтілді, есірткі қылмысы үшін жаза күшейтілді. Сатуды ұйымдастырушы мен есірткі бизнесін қорғай-тын шенеуніктерді өмір бойына бас бостандығынан айыру бекітілді және ономастика мәселелеріне қатысты түзетулер енгізілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда атап өткендей, елімізде білім беру сала-сын дамыту мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жо-басы жүзеге асырылуда. Жобаның негізгі мақсаты – мек-тептердегі орын тапшылығын жою және үш ауысымды мектептер мәселесін шешу.

– Ақмола облысы бұл бастаманы алғашқылардың бірі болып жүзеге асырып, 12 мыңнан астам оқушыға арналған жаңа білім ышактарын салды. Алдағы уақытта 500 мың оқушыға арналған екі жүзден астам мектеп салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, қарапайым мектептерді салу мен жаңғырту жұмыстары да жалғасады, – деді Президент.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жалпыұлттық қозғалысқа айналып, халықтың экологиялық мәдениетін арттыруға ықпал етуде. Бұл бастаманы тұрақты түрде жүргізу арқылы еліміздегі табиғи байлықтарды сақтау көздепген.

Ұлттық құрылтайда айтылған ұсыныстарға сәйкес, алдағы жылдары Қазақстанда бірнеше маңызды инфра-құрылымдық жоба жүзеге асырылады. 2025-2026 жыл-дары Қашаған кенішінің газ өңдеу зауыты іске қосылады. Сонымен қатар «Талдықорған – Үшарал» магистралы газ құбыры мен «Бейнеу–Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші желісі салынада деп жоспарланған.

Энергетика саласында да маңызды өзгерістер орын алуда. Қызылорда және Түркістан облыстарында бу-газ құрылғыларына негізделген жаңа электр стансалары бой көтереді. Сондай-ақ Алматыдағы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 жаңғыртылады. Бұл жобалар елдегі энергетикалық қауіпсіздікті арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АЭС-ке қатысты ойын айтты.

– Азаматтарымыз референдумда бірінші атом электр стансасын сақтау туралы шешімге қолдау көрсетіп, осы міндетті орындауға жол ашып берді. Бұл қадам алыс болашақтағы ахуал қалай болатынын ескере отырып, энергетика саласын кешенді түрде, жан-жақты ойласты-рып дамыту қажеттігін көрсетеді. Мәселен еліміздің энергияға деген қазіргі сұранысын қанағаттандыруға ғана тіреліп тұрған жоқ. Біз үшін ел экономикасының одандан жыл бойы қарқынды дамуына берік негіз болатын жаңа энергетика саласын қалыптастырудың стратегиялық маңызы бар. Мен, дәл сол себепті, Қазақстанға бір емес, үш атом электр стансасын салып, ақырында толыққанды ядролық кластер қалыптастыру қажет деп есептеймін, – деген еді Президент Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда.

Бұрабайда өткен құрылтай – ел тағдырына бейжай қарамайтын азаматтардың басын қосқан маңызды жиын ретінде тарихта қалды.

Бесінші құрылтай Қызылордада өтеді

Ұлттық құрылтайдың төрт отырысында талқыланған өзекті мәселелер бұл жолы да қоғам назарындағы түйткілдер талқыланатынын аңғартады. Ал күллі қазақстандықтар «Кенесіп пішкен тонның келте бол-масына» үміт артады. Быыл Сыр өңірі тарихында ерекше оқиға болғалы тұр. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысын Қызылорда қаласында өткізуге туралы айтты. Алқалы жиынның Сыр өңірінде өтуі ұлттық бірегейлікті нығайту, тарихи сабақтастықты жаңғырту тұрғысынан маңызды.

– Соңғы жылдары біз ұлттық бірегейлігіміздің маңызды факторы – тарих ғылымының дамуына ерекше көңіл бөліп жатырмыз. Бүгінгі Құрылтай тағы бір тарихи белеске тұспа-тұс келді. Биыл ел астанасын Қызылорда-ға көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына жүз жыл толып отыр. Халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы да бір ғасыр бұрын қайтарылды. Біздің мемлекеттігіміз мыңжылдықтардан бастау алады, оның тамыры тым тереңде жатқаны даусыз. Бірақ осыдан бір ғасыр бұрын ұлтымыздың өз атауының оралуы тарихи әділдік орнату жолындағы маңызды қадам болғанын ашық айтуымыз керек. Бұл істе сол кездегі Үкімет басшысы Сәкен Сейфуллин айрықша рөл атқарды. Ол «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақала жазып, арнайы идеологиялық науқанды бастап берді. Мұндай маңызды оқиғалар ел жандына сақталуға тиіс. Осы ретте Құрылтайдың келесі отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынамын, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Айтқалқын АЙТЖАНОВА

МЕРЕЙ

БАСПАГЕР БАҚЫТ

Бұл Бақыт жастайынан еңбекке бейім болып өсті. Әкесі Әлібек ұлының мектепте жақсы оқуына сүйсініп, жиі әңгіме айтушы еді. Анасы ұзақ жыл күткен осы ұлының әр іске икемділігіне риза болып, көрші-қоланға тамылжып әңгімелеп отыратын-ды.


Бақыт әскери борышын әуелде Ашхабадта, сонан соң Орынборда өтеп, үш жыл әуе қорғанысына қарсы шабуылдың алдын алатын әскери борыштың қыр-сырын меңгеріп, елге оралды. Бөлімше командирлері ата-анасына әр мереке сайын құттықтау жолдап, әскери борышын өтеудегі қызметіне талай рет сүйсіне хат жазушы еді. Сол бір қызықты күндерді Бақыт әлі күнге дейін отырған жерде жыр етіп айтудан жалықпайды.

Әскерден аға сержант шенімен оралған Бақытты әкесі өзі қызмет істейтін көлік инспекциясында қызмет істеуіне ықылас білдірді. — Балам — деді Әлібек. — Әскери шенің сержант. Көлік инспекциясында өзіммен бірге қызмет етуіңді қалаймын. Бірер жылда лейтенант атағына ие

Бақыт баспаханаға үйренуші болып, лезде газет машинасының қыры мен сырын білетін маманға айналды.

Бір әңгімені айта кетейін, мұзды мұхиттағы бір крейсер кенет тоқтап қалып, жолаушылар әбігерге түссе керек. Білгір мамандар себебін білмей, сан алуан желінің ішек-қарнын ақтарған. Әбден тауы шағылған мамандар бір қиырдағы орыс азаматын көмекке шақырған көрінеді. Әлгі азамат келген бойда қолындағы балғамен желідегі сымдарды бір ұрғанда, бірден сан алуан сымның құпиясын ашып, крейсер іске қосылған көрінеді. Өне, біздің Бақыт сол орыс жігітіндей баспа машинасының білгірі. Кезінде Аманжол Бақыттың білгірлігін ескеріп, бүгінгі қызметке алған. Бұдан ұтылған жоқ.

Бұл Бақыт баспа саласында еңбек еткен жылдарында директор О.Нұрхабев, Б.Қарғабев, С.Боранбаев, Қ.Сәдібеков, А.Агалков сынды азаматтарды әлі күнге дейін еске алады.



боласын, — деп ұлына қайта-қайта емеурін танытты. — Папа, мен мына Қызылорда баспаханасында газет басатын машинистің қызметін қалап жүрмін. Баспа директоры Орман Нұрхабаевқа үзде беріп жүрмін. — Ә, өзін қаласаң, баспаханаға жұмысқа тұрғаның дұрыс. Жолың болсын, — деп әкесі ақ батасын бергені есінен кетпейді. Алғашқы еңбек басын баспаханадан бастады.

Біз Бақытпен сонау жетпісінші жылдан бері таныспыз. Ағалы-інілі болып, бірге өскенбіз. Кезінде қыздарға қырғидай тиетін Бақыт теңін тауып, сүйікті жары Айгүлге қосылды. Думандатып той өткізді. Жүйтікпен уақыт неткен жылдам еді. Қазір Әселі мен Асылы ер жетіп, мамандығына сай еңбек етуде. Сүйген жары Айгүл Бақыттың бағын жандырып, қас-қабағын алыстан таниды. Азаматты осы бір сезім қартайтпай тұрғаны анық.

Бұл Бақыт Қайымов әскерден әуе қорғанысы мамандығын игеріп, елге сержант шенімен оралды. Дегенмен дам-түз аспаннан бұйырмай, жердің үстінен, баспаханадан бұйырды. Оған Чулков, Хволан, Лавриненко секілді білгір азаматтар ұстаз болды. Әлі есімде, сонау 1977 жылы бұл

Қазір Бақыт Қайымов биылғы жылқы жылында 70-ке шықты. Асау түлпар аяғына үзгені салдырмайды, бойы тіп-тік, түлпарға секіріп мінеді. Жігіт бойындағы осы бір қатқақ біз таңырқаймыз.

Бұл жетпіс біздің де басымыздан өткен. Жетпіс нағыз азаматтың піскен шағы, талтүс екенін есіне сақта, Бақыт. Қымбат уақыттың осы бір сәтін қадірле, жарыңның әр минутын бағала. Токсандағы ағаның кеңесін үк. Жетпіс құтты болсын, сүйікті інім, әрі сыйлас ізбасарым!

Қайыр ҚОРАСАН

Ерлігін ел құрметтеген азамат еді...



Елімізге жеңіс сыйлаған соғыс ардагерлерінің есімі ұрпақ жадында мәңгілік сақталады. Себебі олар қан майданда Отан үшін отқа түсіп, елдің тыныштығын қорғады. Бейбіт күннің шуағын сыйлаған аға ұрпаққа құрмет көрсету біздің парызымыз. Жеңіс сарбаздарының шежірелі жолдары тарих беттерінде қатталып тұр. Осындай қастерлі майдангердің бірі — Хабибулла Әлсүгіров. Ол 1917 жылы Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, 1-Май ауылында

дүниеге келген. 1941 жылы соғыс басталысымен 24 жасында өзі сұранып майданға аттанған. Киевтегі № 743-атқыштар полкі құрамында соғысып, ерен ерлік көрсеткен. Кескілескен қан майданда жан аямай шайқасып, жеңісті жақындатуға үлес қосқан. Ұрыс даласында қаншама ерлік көрсетіп, тегеуріні темірдей қайсарлықты бойына серік еткен жауынгер 1943 жылы аяғынан ауыр жаракат алып, елге оралады. Бойында жауға деген өшпенділігін оятып, ел үшін қайта сапқа тұрып шайқасады. Осылайша 1945 жылы 25 қазанда ұлы жеңіс салтанатымен үшінші топ мүгедегі болып елге оралады. Бейбіт күннің шамшырағын жаққан әкеміз Хабибулла Әлсүгіров мүгедектігіне қарамастан, 1946 жылы Тартағай кірпіш зауытына жұмысқа тұрады. Бейнеті ауыр болса да тәуекел етіп, жастарға кірпіш күйдірудің қыр-сырын үйретеді. Зауытта ұзақ жыл еңбек етіп, құрметпен зейнетке шығады.

Әкеміздің қан майдандағы ерлігі де еленбей қалмады. Отанды азат етудегі ерлігі үшін 1949 жылдың 9 сәуірінде «За победу над Германией», 1975 жылдың 28 сәуірінде «Ұлы жеңіске отыз жыл», 1985 жылдың 4 мамырында «Ұлы жеңіске қырық жыл», 1995 жылдың 26 мамырында маршал Г.Жуков медалімен, 1995 жылы «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жеңісінің елу жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды.

Еліне адалдықты ту еткен нар тұлға бейнетінің зейнетін көріп, балалары мен немерелерімен бақытты да, мағыналы ғұмыр кешіп, 7 пайыз тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, олардың рахатын көрді. 80 жастың сенгірін бағындырған аяулы жан 1998 жылы 6 қазанда дүниеден өтті. Ер есімі ел есінде қалса дейміз. Сондықтан майдангер әкеміздің жауынгерлік ерлігі кейінгі ұрпаққа мәңгі өшпес өнеге болып, тарих беттерінде қалу үшін Қызылорда қаласынан бір көшеге әкеміздің аты берілсе нұр үстіне нұр болар еді.

Әке, сенің ұрпағың еді дәулетің, Естеліктің ақтарамыз әр бетін. Батыр бейнен сақталатын жүректе, Еске алады құрметпенен әулетің. Бейбіт өмір өз еліңе сыйладың, Жер байлығың перзент еді жиганың. Бағыштаған құранымыз қабыл боп, Мәңгі серік болсын дейміз иманың.

Әлсүгіровтер әулеті

«Заң мен тәртіп» — жемқорлықсыз қоғамның басты формуласы

Қазақстанның саяси ландшафтында «Заң мен тәртіп» концепциясы жай ғана құқықтық ұстаным емес, бұл — Әділетті Қазақстанның жаңа идеологиялық архитектурасы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс екенін атап өтті. Бұл ұстаным — жай ғана құқықтық норма емес, бұл Әділетті Қазақстанның іргетасын қалайтын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді иммунитет қалыптастыратын негізгі күш.

Жолдаудың негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі №200 қаулысымен қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдама бекітілді. Тұжырымдамада идеологияны дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері көрсетілген. Соның бірі — заң үстемдігі және заңның

жалпыға бірдей қағидаты. Аталған қағидатта заңда бөле-жару жоқ, ол бәріне бірдей және оның талабын әрбір азамат пен ұйым міндетті түрде орындауға тиіс екендігі жазылған.

Заң мен тәртіп идеологиясының өміршеңдігі әрбір азаматтың ішкі мәдениетіне тікелей байланысты. Мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан реформалар, цифрландыру арқылы адам факторын азайту — осының бәрі жемқорлықтың тамырына балта шабуға бағытталған. Алайда қоғамның қолдауынсыз бұл реформалардың тиімділігі болмайды.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бүгінде тек жазалау тетіктерімен ғана шектелмейді. Оның өзегінде қоғамдық сананы трансформациялау және «ендік төзімділік» мәдениетін қалыптастыру жатыр. Президент ұсынған «Адал азамат — Адал еңбек — Адал табыс» қағидаты дәл осы парасаттылық пен жауапкершілікті ту етеді. Егер қоғамда ұсақ құқық бұзушылықтарға көз жұмып қарау әдеті жойылса, ірі жемқорлық қылмыстарға да орын қалмайтыны анық. Себебі тәртіп пен заңдылық — бір-бірінен ажырағысыз егіз ұғым.



БЕЛКӨЛ КЕНТІ: Инфрақұрылым игілігі елге сезілуде

2025 жылы Белкөл кентінде бірқатар маңызды жобалар жүзеге асып, елді мекеннің дамуына серпін берген ауқымды бастамалар жүзеге асты. Инфрақұрылым, әлеуметтік сала және кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы бастамалар туралы Белкөл кентінің әкімі Жасұлан Сәду Қызылорда қаласы әкімдігінің баспасөз орталығында баяндады. Кент әкімі әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері өткен жылы өсіммен жетістікке толы болғанын айтты.



— 2025 жыл Белкөл кенті үшін табысты жыл болды. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін өсіммен аяқтадық. Кентте қазіргі таңда 4934 адам тұрады, оның 2518-і экономикалық белсенді, олардың 570-і өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар. Белкөлде әлеуметтік жағынан аз қамтылған 37 отбасы бар, жыл басынан бері 50 сәби дүниеге келді, — деді Белкөл кентінің әкімі Жасұлан Сәду.

Кент әкімінің мәліметінше, 2025 жылы Белкөл кентінің жалпы бюджеті 322,1 млн теңге болып бекітіліп, 100 пайызға игерілген. Жылдық жоспар бойынша 42 млн теңге салық түсіру жоспарланса, нақты түсім 53,9 млн теңгеге жетіп, жоспар 128 пайызға орындалды. Денсаулық саласында да оң өзгерістер байқалады. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында Белкөлде жаңа дәрігерлік амбулатория салынып, пайдалануға берілді. Теміржол ауруханасының қарамағындағы осы амбулаторияда күндізгі стационарға 8 төсек-орын қарастырылған. Сонымен қатар Бірқазан елді мекенінде 2018 жылы 10 млн теңге қаржыға заман талабына сай медициналық бекет салынып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

— Бүгінде Белкөлде 464 шағын кәсіпкерлік нысаны жұмыс істейді, ал жыл басынан бері 145 жаңа кәсіпкерлік нысаны іске қосылып, 145 тұрақты жұмыс орны ашылды, — деді кент әкімі.

Мемлекеттік қолдау бағдарламалары аясында белкөлдік кәсіпкерлер бірнеше тиімді жобаларды жүзеге асыруда. Өткен жылы «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік курсы 16 тұрғын оқып, соның 9-ы жалпы сомасы 14,1 млн теңге болатын қайтарымсыз грантқа қол жеткізген. Жалпы алғанда, өткен жылы түрлі қаржы көздері арқылы құны 1 млрд 204,1 млн теңге болатын 28 жоба қаржыландырылды. Олардың қатарында жылдық 6 пайызбен жеңілдетілген несиені алып іс бастаған кәсіпкерлер де, 5 млн теңгелік инновациялық грант ұтып алған жобалар да бар.

— Инфрақұрылымды жақсарту бағытында да ауқымды жұмыс атқарылды. Қала әкімінің қолдауымен Белкөлдегі №1, №11, №12 көпқабатты тұрғын үйлердің шатырлары жөнделіп, ауалары абаттандырылды. «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық автожолы бойындағы қорымы толықтай қоршалды. Сондай-ақ кенттің 8 ішкі көшесіне асфальт төселіп, бірнеше көшеге түнгі жарық шамдары орнатылды, — деді кент әкімі.

Кент әкімі алдағы жоспарлар туралы да айтып өтті.

— Алдағы уақытта да тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу және инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады, — деді Белкөл кентінің әкімі.

София ХАЙРУЛЛА

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 15 қаңтардағы №100 қаулысы

«Жер учаскелерін мемлекет мұқтаждығы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің

2025 жылғы 9 желтоқсандағы №3312 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 37-бабына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Жер учаскелерін мемлекет мұқтаждығы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №3312 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1-тармағындағы «58490,0 (елу сегіз мың төрт жүз тоқсан)» деген сандар мен сөздер «82587,0 (сексен екі мың бес жүз сексен жеті)» деген сандар мен сөздермен ауыстырылсын;

аталған қаулының 1-тармағының қосымшасындағы реттік нөмірі 5-бағанысы алынып тасталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 17 сәуір болып белгіленсін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүргізілетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, №43, №13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелеріне ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі НАХАТОВ

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 15 қаңтардағы №101 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтаждығы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй — коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 6 қаңтардағы №01-03/7 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иелері Шайманова Ақбаршын Қалдыбек-қызының, Шайманова Динара Қалдыбековнаның, Шайманова Құлпаршин Қалдыбековнаның ортақ үлестік меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Зейнеткер бағбандық серіктестігі, №26 үй мекенжайында орналасқан көлемі 1031,0 (бір мың отыз бір) шаршы метр бағбандық үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-091-1297) жер учаскесі мен жылжымайтын мүлкін «Тәуелсіздікке 25 жыл» көшесін реконструкциялау» жобасын жүзеге асыру мақсатында мемлекет мұқтаждығы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 17 сәуір болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, №43, №13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелеріне ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі НАХАТОВ



байқаным, екінші фактор көбірек кездеседі. Азаматтар қаржылық сауаты жоқтығынан емес, көбіне жетіспеушіліктен несие алады. Сондықтан азаматтардың табысын арттыру керек деген мәселені алға тартқым келеді.

Ақша эмоциялық шешімді жақтырмайды

– Қаржы саласының маманы ретінде несие алмауды насихаттайсыз ба, әлде?

– Әрине, мүлдем несие алмау керек деп айтпаймын. Қаржыгер маман ретінде отбасы бюджетіне салмақ түсірмей, кей жағдайда несие алуға болады. Әрине, қарыз алудың да шегі бар. Несие қарызы отбасылық табыстың 30 пайызынан асып кетпеу керек деген ереже бар. Ал асып кетсе, отбасыңызда қаржылық жетіспеушілік туындауы мүмкін. Сол себепті табысты есептеп отыру маңызды. Кейбіреулер бөліп төлеу арқылы бірнеше зат сатып алады. Нәтижесінде бір адамның басында 10 несие болуы мүмкін. Бұл – өте кате шешім. Ал несие туралы айтпасақ та түсінікті. Себебі несие пайызы бізде әлде де жоғары. Әлде де бізде заң 56 пайызға дейін рұқсат береді. Мәселен, 3 жылға 1 млн теңге несие алсаңыз, оны 2,5 млн теңге етіп қайтарасыз. Яғни үстеме етіп қосылған 1,5 млн теңгеге отбасыңызға қажетті зат алсаңыз болар еді. Сондықтан шыдамсыздық таныту, эмоциялық шешімдер қабылдау қарызға батуға алып келеді. Негізгі ақша эмоциялық шешімдерді жақтырмайды. Қаражат жұмсауда салқынқанды, ақылға салып шешім қабылдау керек. Бір затты сатып аларда өз-өзіңізге «дал қазір осы маған керек пе?» деген сұрақ қойыңыз.

Мақсат ХАЛЫҚ, META University жоғары бизнес мектебінің директоры, экономист:

ҚАЛАУЫҢЫЗДЫ ҚАРЫЗҒА АЛМАҢЫЗ

Табыс көлеміне қарамастан, ақша жинаңыз

– Әлеуметтік желідегі қызылды-жасылды өмір адамдардың материалдық байлыққа деген тәбетін аша түскендей. Яғни, қарызға өмір сүрсе де, несиеге дүние сатып алу тоқтамай тұр. Әлде басқалай себеп бар ма?

– Менің ойымша, бұл азаматтардың қаржылық сауатының төмендігінен болса керек. Адамдарда қаржылық сауаттың болмауынан, эмоционалдық шешімдер қабылдайды. Мәселен, айналасындағыларға еліктеп немесе әлеуметтік желіге жүктеген видеоларды тамашалап, «мен де осындай той жасағым келеді», «мен де осындай көлік мінгім келеді» деп несие алып, қалауын орындай бастайды. Бұл іс-әрекеттің барлығы қаржылық сауаттың жоқтығынан дер едім. Себебі қаржылық сауаты бар адам оң-солын біледі, ең бірінші кезекте табысының 10 пайызын жинаққа аударарды, қалған табысын негізгі міндеттемелерін төлеуге жұмсайды. Одан кейін ғана демалыс шығындары немесе зат сатып алу деген сияқты қалауына жұмсайды. Ал бізде керісінше, міндеттемелерді бірінші кезекте төлейді, сосын қалауына жұмсайды, ең соңында жинаққа аудару туралы ойланады. Қаржылық сауат туралы айтқанда «ең алдымен өзіңізге жұмсаңыз» дегенді айтамыз. Бұл «жинаңыз» деген сөз. Табыс көлеміңіздің қанша екеніне қарамастан, 10 пайызын жинаққа аударып отырыңыз. Осы қарапайым формуланы үйренген дұрыс. Кім ақша жинай алса, сол адам байыды. Ал қалауын орындау үшін несие ала беру келісіміне алып келеді. Әрбір адамның тапқан табысының 50 пайыздан астамы несие төлеуге кетіп отырса, бұл үлкен салмақ деген сөз. Отбасының берекесі кетіп, ұрыс-керістің болуының бір себебі қарыздың көптігінен екені даусыз. Сондықтан ең бірінші қарызды жабуды ойланғыз және жинаққа аударыңыз. Қарапайым мысал, Гарвард университеті зерттеу жасаған екен. Зерттеу барысында баладан бастап, қарттық кезеңге дейінгі, яғни 70 жыл уақытқа зерттеу жасаған. Зерттеуге қатысқандардың ішінде АҚШ президенті және басқа жоғары қызметі бар адамдар да бар. Зерттеу барысында балалардың алдына кәмпит қояды да, «қазір жемесендер, біз мұны екі есеге көбейтеміз» деп айтады. Сонда алдындағы тәттіні шымдамсыздық танытып жеп қойған балалар есейгенде де сәтсіз өмір сүргені зерттеу барысында белгілі болады. Ал енді шыдамдылық танытып, кәмпиттер екі есеге көбейтіп алған балалар есейгенде де жетістікке жеткен, үлкен көсіппен айналысқан, лауазымды қызметтер атқарған. Міне, мұның барлығы адамның қажеттіліктер мен қалауды ажырата алуынан басталады. Қажеттілік қайсы, қалау қайсы? Осыны ажырата алу керек. Яғни, біз табысымызды ең бірінші қажеттілікке жұмсаймыз, одан кейін, қаржымыз артылып жатса, қалауымызды аламыз. Негізгі қалауымызға арнайы мақсат қойып, ақша жинау керек. Ақша жинау үшін нақты жоспар құрған жөн. Сол кезде өзіңізге қажет дүниені қарызға алмайсыз. Ал өз еңбегіңізбен ақша жинап, қалауыңыздағы затты алу үлкен бақыт сыйлайды, «төбем көкке екі елі жетпей қалды» дегендей сезімде болып, қатты қуанасыз.

– Экономист ретінде қаржылық сауатты болуды көбірек насихаттап жүрісіз. Маман ретінде зерттеу жасап көріңіз бе, адамдар көбіне не үшін несие алады?

– Бұл мәселені экономист ретінде зерттеп көрдім. Адамдар несиегі екі жағдайда алады. Біріншіден, қаржылық сауаты болмағандықтан, несие пайызы жоғары болып тұрса да ала береді, екінші себебі мұқтаж болғандықтан, яғни табысы күнкөрісіне жетпегендіктен алады. Сарапшы ретінде

Басы 1-бетте

млн теңгеге есептеледі. Мұнан бөлек те түрлі комиссиялар бар. Сондықтан несие аларда қай банктің жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесі төмен екенін зерттеп көру керек. Несие рәсімдеп жатқан кезде тағы бір мән беретін дүние – келісімшартты мұқият оқып шығу керек. Онда не жазылғанын түсініңіз немесе маманнан кеңес сұраған жөн. Келісімшартта кейде мынадай тармақ болады: «Егер инфляцияның жылдық деңгейі 10 пайыздан асып кетсе, банк несие шарттарын қайта қарастыруы мүмкін». Мұндай жағдайда банк сіздің қарызыңызды рұқсатыңызсыз қайта қаржыландыруы мүмкін. Міне, осындай тармақты қарау керек. Келісімшартта қандай комиссия ұсталатыны жазылады, соған мән беру керек. Тағы бір ескеретіні, несие аларда банк менеджері «төлемді тең бөліп төлеу немесе аннуитеттік төлем кестесін таңдайсыз ба?» деп сұрайды. Көп адам аннуитеттік төлем кестесін таңдап жатады. Аннуитеттік формада төлемнің көп бөлігі несиегің пайызын жабуға жұмсалады. Сондықтан тең бөліп төлеу, яғни дифференциалдық төлем түрін таңдаған дұрыс.

Сандыққа ақша жинамаңыз

– Аға буын ақшаны сандыққа жинайтын, қазір ақша жинау мәдениеті өзгерді. Қазір артық ақшасы бар адам доллармен немесе алтынмен жинағысы келеді. Немесе депозитке салады. Қайсысы тиімді?

– Ақша жинауға келгенде бұл сұрақ өте маңызды. Қаржылық сауаттың маңыздылығы ақша жинай білуде. Ақшаны сандықта, сейфте ұстауға болмайды. Бұл ақшаның құнын жоғалтады. Кешегі ақша бүгінгі емес, бүгінгі ақша ертеңгі ақша емес деген ұғым бар. Ол – құнсызданған ақша. Жинаған ақша құнын жоғалтпау үшін оны сақтау жолын білу керек. Жиналған ақша көбеймесе де, ең болмағанда құнын сақтап қалғаны маңызды. Ақша инфляциядан құнсызданады.

Бір жыл бұрын 1 млн теңгеге сатып алған дүниені дәл қазір сол сомаға ала алмайсыз. Өйткені ол тауардың бағасы өсіп кетті. Ал жинаған ақшаңыз сол күйінде қалып қоймай, көбею керек. Сол үшін жоқ дегенде депозитке салу керек. Тағы бір ескеретіні, бір депозитке емес, бірнеше депозитке дұрыс. Депозиттің сакандыру қоры 10 млн теңгеге дейін қаржыға кепілдік береді, 5 млн теңгеге дейінгі қаржыны шетелдік валютада ұстауға кепілдік береді. Ал бұдан көп салсаңыз, үстіндегі ақшаңызға кепілдік жоқ. Қарапайым мысал, бір азамат үйін 30 млн теңгеге сатып, қаржысын бір депозитке салды. Банк банкрот болып, банк депозитіңіз сакандыру қоры 10 млн теңгесін ғана қайтарып берді, оның өзін бір жыл күтті, қалған ақшасы күйіп кетті. «Жинаған қаржыңызды бір ұяшықта ұстамаңыз деген» қаржы заңдылығы бар. Ақшаны бөліп-бөліп, бірнеше депозитке, бірнеше валютада, бірнеше қаржы құралдары бойынша сақтау керек. Алтын, жылжымайтын мүлік, құнды қағаз ретінде сақтаған дұрыс.

Бүгін жинай алмасаңыз, ертең де жинамайсыз

– Айлығы аз адам ақша жинай ала ма? Негізгі ақша жинай білу де өнер сияқты.

– Бізде мынадай қате ой бар. Табыс аз кезде жетпейді деген желеумен ақша жинамаймыз, ақша көбейген кезде шығын да ұлғаяды. Біздің ең үлкен қателігіміз осы. Бәрін қазір жұмсап, қазір сатып алғымыз келеді. Болашақтың қамын ойласақ, ең бірінші өзіңізге төлеңіз, өзіңізге жинақтаңыз, қауіпсіздік қорын құрыңыз. Артық ақшаңыз болса, қайырымдылыққа жұмсаңыз, инвестиция салыңыз, біліміңізге инвестиция салыңыз. Осындай формуламен қаржылық еркіндікке қадам жасай бастайсыз. Бұл жерде негізгі айтпағым, егер ақша жинау әдетін қалыптастыра алмасаңыз, болашақта көп табыс тапсаңыз да ақша жинай алмайсыз. Ақшасы аз кезде жинай алмаған адам, табысы артқанда да жинай алмайды. Табысы аз кезде қайырымдылыққа жұмсай алмаған адам байлығында да сараң болады. Сол себепті жақсы әдетті бүгіннен бастаңыз. Ал қарызға белшесінен батқан адамға бірінші кезекте қарыздан құтылуға әрекет еткен жөн. Оның ең үлкен мақсаты – қарыздан құтылу болу керек. Одан кейін жинақ қорына салатын ақша көлемін ұлғайтқан жөн. Тамшыдан теңіз құралатынын ұмытпаңыз.

– Сонғы кездері акция сатып алуға да қызығушылық артқаны байқалады. Бұл орайда табысы орташа адамдарға қандай кеңес айтар еліңіз?

– Ақша жинаудың тағы бір тамаша жолы депозиттен бөлек, қаржы жинау құралдарын білуі. Табысыңыз аз болса да мұны бастап көруге болады. Бір ескеретіні бұл қаржы құралдарына салатын ақшаңыз сізге қысқа мерзімде қажет болмағаны маңызды. Екі-үш жылда бұл жаққа салған ақшаңыз көбейеді. Алтын алып қойсаңыз да тиімді. Екі-үш жылда алтынның да кірісі ұлғаяды. Алтын – ұзақ мерзімді тұрақты валюта екенін дәлелдеген қазына. Жинақтарыңызды түрлендіріп сактаңыз. Бір бөлігіне алтын алып қойыңыз, бір бөлігін депозитке салыңыз, енді бір бөлігіне акция алыңыз. Тағы бір маңыздысы, күн сайын кіріс-шығысыңызды есептеп, жазып отырыңыз. Аз табысыңыздың өзін қалай жұмсадыңыз, қай жерде артық жұмсадыңыз, қай кезде ойланбай зат сатып алдыңыз, соның барлығын ай сайын сараптап отырыңыз. Бұл өзіңізге қаржылық жоспар жасауға, артық шығынды қысқартуға көмектеседі.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА



НЕСИЕ кешіріле ме?

Әлеуметтік желідегі жарнамаға сеніп, банкке хабарласып несиегің кешіріп беруді өтінгендердің қарасы көп екен. Соның бірі Айжан есімді қала тұрғыны осындай жарнаманың құрбаны болғанын айтады. Банкке арыз жазса несиегің кешірілетінін айтқан азамат уәдесінде тұрмаған екен. Жарнамасына қызығып ақшасынан айырылған ол несие кешірілмейді деген ақпаратты кеш естіген. Қарызы кешіріледі деп үміттеніп, 10-20 мың теңгеге өтініш жаздырғандар қалтасынан қағылды деген сөз. Жұрттың көкейінде сан сауал туғызған мәселені білу үшін қаладағы «Forte Bank» бөлімшесіне барып сұрау салдық. «Forte Bank» берген мәлімет бойынша, желілер мен мессенджерлерде таралып жатқан «қарызды жаппай есептен шығару туралы» ақпарат шындыққа жанаспайды. Банк тарапы клиенттерді расталмаған дереккөздерге сенбеуге және тек банктің ресми сайтындағы ақпаратқа сүйенуге шақырды.

– Несиелерді «реттеп беру» немесе «есептен шығару» қызметтерін ұсынатын делдалдар мен жеке тұлғаларға жүгіну қауіпті. Мәселені өз бетінше де реттеуге болады. Ол үшін несиеді қарыз туралы және оны реттеудің жолдарын тікелей «Forte Bank-ке жүгіну керек. Кез келген бөлімшесіне барып немесе ресми сайт арқылы қаржылық жағдайдың нашарлағанын растайтын тиісті өтініш пен құжаттарды тапсыра аласыз, – делінген банк хабарламасында



Әлеуметтік желіде «несиеңізді кешіруге көмектесемін» деген ақпараттан көз сүрінеді. Дәл сондай жарнама жүктеген Шыңғысхан есімді желі қолданушысына хабарластық. «Кредитті кешіруге көмектесемін» деген ол қызметтің құнына 20 мың теңге сұрады. «Нақты кешірім бола ма?» деп сұрағанымызда кепілдік бермейтінін, арыз жазғаннан кейін соңғы шешім банк тарапынан екенін айтты.

Қаржы нарығын зерттеу агенттігі де әлеуметтік желіде таралған ақпарат туралы түсініктеме берді. Агенттің шындыққа сәйкес келмейтін мәлімет таралғанын растаған.

– Жалған ақпаратқа сенбеуді, тек ресми дереккөздерді пайдалануды, сондай-ақ түрлі делдалдардың көмегіне жүгінбеуді сұраймыз. Әдейі жалған ақпарат таратқандар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады, – деген өз хабарламасында.



Егер де сіздің қарыз төлейтін мүмкіндігіңіз болмай, табысыңыз азайса, делдалға жүгінбей-ақ тиісті банк бөлімшесіне барып ресми өтініш жазуға құқығыңыз бар. Өтінішке қаржылық жағдайыңыздың нашарлағанын дәлелдейтін жұмыссыз ретінде тіркелгеніңіз туралы анықтама, жұмыстан шығарылғаныңыз туралы құжат немесе сот шешімдері және тағы да басқа төлем қабілеті жоқтығын растайтын құжат қоса тіркелуі қажет. Осы арқылы банкпен келісіп, төлем кестесін қайта жасауға мүмкіндігіңіз бар.

2023 жылдан бері «Азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы» туралы заң жұмыс істейді. Осы заң аясында қарызын төлеуге мүмкіндігі жоқ азаматтар өтініш қалдыра алады. Заңға сәйкес жеке тұлға банкроттыққа беру үшін жалпы қарыз көлемі 1600 АЕК-тен асуы тиіс. Сондай-ақ соңғы 12 ай бойы несие төленбеген, соңғы 5 жылда қарызды қайта құрылымдаудан өтпеген және жеке кәсіпкер болмауы керек. Банкроттық туралы заң азаматтарға қаржылық қиындықтан заңды жолмен шығуға мүмкіндік береді.

Қаржылық қиындықтан шығып, қарызды реттеу үшін банкке ресми өтініш беру, жаңа төлем кестесін жасау сияқты рәсімдер қарастырылған. Делдалдарға ақша төлеу немесе тексерілмеген ақпаратқа сену алаяқтыққа ұласуы мүмкін. Сондықтан жалған хабарламаға сенбеу – әр азаматтың негізгі қауіпсіздік ережесі.

Думан КЕҢШІЛІК

Басы 1-бетте

Суретті түсірген

Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖПІС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3854 Тапсырыс №71

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ**

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

**Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА**

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Атқасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.